

ОӘЖ: 02.01.39

ФИЛОСОФИЯ – ІЗГІЛІКТІ ІЛІМ

Алмас Берекет Қанатұлы

bereket_2000@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «философия» мамандығының

2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –ф.ғ.к. Тұрсынбаева А.Ө.

Білім-адам өмірінде, орны ерекше болып саналатын, байлықтың, күштің, құндылықтың бірі. Адам білімсіз өмірде сүре алмайды, онсыз өз өмірін елестете де алмайды.Адамзаттың ортақ тарихи мұны бізге көрсетті. Басқа тіршілік иелерінен ерекшелетін бір қасиет, осы білім. Жалғыз жануарлардан ерекшелеп қана қоймай, адамның да арасын ерекшелейді. Осы уақытқа дейін, жер бетінде, қаншама адамдар келіп – кетті, көбісінің есімін тарих есіне сақтамады да, бірақ білім жолында ғұмырын өткізгендер бар, олар адамзат жойылмайынша естен шығарылмайды.Солай, бар ғұмырын білім жолында өткізген ғалымдар, білім туралы, оның қадір-қасиеті, пайдасы туралы сөз қозғамай кеткені болмаған. Қай-қайсысының кітабын алып қарасаңыз да, білім жайлы сөз айта кеткен. Мысал ретінде, қазақтың ішіндегі үш ғұламамыздың кітабынан мысал келтірейін: бірі-Ж.Баласағұнның Құтты-білігі, екіншісі-А.Йүгінекидің Ақиқат сыйы және Абай атамыздың өлеңі.

Құтты білік 6 бапта:

Ақыл қайда болса, ұлылық толады,

Білім кімде, сол білікті болады.....

Білік мәнін біл, не дейді білген ер:

Білім білсең, бәле жүрер іргеден....

Ақылды күллі ісінді алып шығатын,

Бұл біліммен көрер бектер мұратын...[1, 756]

Ақиқат сыйы:

Уа дос, өзіңді білімдіге жақын тұт.
Бақыт жолы білім арқылы білінеді
Білім ал. Бақыт жолын ізде.
Білімді кісі қымбат бағалы динар сияқты,
Білімсіз надан- құны жоқ бақыр...[2, 348 б]

Екі ғұламамыздың кітаптарын ашып, назар салсаңыздар, өз кітаптарының алғы сөздерінің бірі, осы білім жайлы. Абай атамызда білімнің қадір-қасиеті жайлы өз өлеңдерінде айшықтап кеткен. Жасымда ғылым бар деп ескермедім деген өлеңінде:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын біле тұра тексермедім.
Есейгенде уысыма ілінбеді,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім...[3, 25 б]

Осы өлең шумақтарымен, ол, “ұстаз шәкіртіне” өсиет қалдырғаны секілді, Абайда кейінгі өскелең ұрпаққа уақытты босқа кетіргестен, ғылымға бас ұр деуде. Не үшін жастық шақта? Жас кезде баланың ақылы, әйгілі ағылшын философы Д.Локк айтпақшы, әлі жазудың ізі түспеген тақта секілді, нені естиседе, нені көрсетседе, үйренседе есте қалады. Балалық шағымызда мектептен үйренген, ата-анамыздан естіген сөздер, білімдер, іс-әрекеттердің естен кетпейтіні содан. Бұны бірінші деп санаңыз. Екінші себебі, бұл, бала жас шағында шаршау дегенді білмейді, бойында энергия аттай тулап тұрған шағы. Әрі бала осы кезде білім алумен шаршайтын болса, есейгенде жемісін көріп шаршайтын болады.

Кеңес дәуірі орнайтын заманға дейін, қазақ қоғамында, екінші бірі білімін жетілдіріп, басқа тілдерді меңгеріп, шетел аса алмаған. Білімін жетілдіріп деуім, бастапқыда ауыл молдасынан хат танитын, бірақ әрмен қарай білім жолына түсетіндері аз болған, қаржы жағдайы, кедейлік, әрі өмірін малмен байланыстырған халық, төрт түлігін болса, жазып-оқи алсаң, сол жетерлік дегендері де болған. Сабақ беретін молданың өзі, тегін дәріс бермейтін. Ауыл халқы жиналып, молданың ішетін суын, жейтін тамағын өздері көтеретін, бұл әрине онсызда кедей халыққа ауыр тиетін. Бірақ, баласының сәлде болса хат танығанын қалады. Осыған ұқсас сөздерді жаза берсек жетерлік. Менің айтқым келгені, сол заман мен қазіргі заманның білім алудағы айырмашылықтарын көрсету ғой. Қазіргі заманда, білім алуға деген жеңілдікті айтпасада болады. Сан түрлі. Егер осы жеңілдік жағдайын, біздің өткен ғұламаларымыз көрсе, бізге қызғанып та, қызығып та қарар еді. Осы жеңілдікті пайдаланып, қанша адамға Әл -Фараби, Абай секілді, энциклопедия болу дәрежесі айқын көрініп тұрсада, біз оған ұмтылмаймыз, құштарланбаймыз. Кезіндегі даналарымыз айтқан деседі, ақырзаман жақындағанның бір белгісі, білім алу жеңілдейті деп, яғни бәріне қол жетімді болады. Осы сәтте Шәкәрім атамыздың мына сөзі естіме түссе, қынжылып қалам:

Жер жүзі бұрылғанда ғылым жаққа,
Қазақ жүр құмарланып құр атаққа.
Анау-ку, мынау-пысық,мен-батыр деп,
Айналды бірін-бір құртпаққа...

Бұл өлең жолдарымен не айтқым келгенін ұққан шығарсыздар.

Білім жайлы тақырыбымызға оралайық. Адамзат пайда болғалы бері, білімнің арқасында адамды дамытуға, ақиқат жолына жетуге жетелейтін білім салалар пайда болды. Әрине, бұның бәрі адамзаттың бағы үшін. Сондай білім салаларының бірі, сонау көнеден келе жатқан, қазіргі таңға дейінде өзінің өміршеңдігін жоғалтпаған-философия. Қазіргі таңда ЖОО қабырғасында оқып жатқан студенттер арасында философия жайлы мынадай стереотиптер қалыптасып қалған: “Философия ол түймедейді түйедей қылатын, бір сұрақ қойсаң он жауап қайтаратын, ақ түсті қара деп, қара түсті ақ деп көрсететін пән” дейді. Меніде оқуға туыстарым дәл осындай сөздер шығарып салған! Жалпы, философия жайлы көп қалыптасқан түсініктер, жоғарыда аталған сөздерге ұқсас. Ал енді сұрақ: шыныменде, философия сөзінің мәні, мағынасы осыны ма? Немесе, мүлде басқаша ма? Шындығы, әрі өтірігі қайсысы? Мақаламның негізгі тақырыбы осы жайлы болмақ, жоғарыда аталған сөздердің философияға қатысы бар ма жоқ па соны көрсету!

Философия мамандығының студенті ретінде, мен философия ондай сөздермен сипатталмайды деп ашық, сенімді түрде айта алам. Мен оны түсіндім, өйткені мен өз пәнімді күнделікті оқимын, әрі айналада сол пәнге жақын. Бірақ басқа философия мамандығынан бөлек студенттердің көзін қалай жеткізем? Оның бір ғана жолы бар, ол философия сөзінің мәнін, мағынасын, мақсатын, қарабайыр түсінікті тілде жеткізу. Не үшін қарабайыр тілде? Себебі, физика, математика сынды пәндер мектеп қабырғасында өтіледі. Студенттердің ол жайлы кішкене болса да түсініктері бар. Ал енді, философия мектепте өтілмейді пән ретінде, тек қана ЖОО ғана өтіледі, соның өзінде басқа мамандықтарға Жалпы Философия ретінде. Олай болса, білімімді жинақтай келе, бастайын!

Философия дегеніміз - бұл даналыққа құштарлық (Пифагор). Даналық сөзін білім сөзіне синонимдес деп алсақ, білімге деген құштарлыққа, ынтызарлыққа бастайтын білім деген мағына берсекте қателеспейміз. Пифагордың өзі, адам даналықты сүйе отырып, соған ұмтылады деген. Философ деп кімді айтамыз десек, Платон былай деп жауап береді: “Кімде-кім барлық ғылым салаларына құмартса, әрі сол білім алуда ашқарақтық танытса, соны философ деп атаймыз. Жай ғана білімге емес, ақиқат білімге ұмтылушылар.”[4, 368б.]

Әрбір саланың өз алдына қойған мақсат-мүддесі болады. Философияның өз алдына қойған мақсаттары бар. Бірнешеуін саралап көрсетейін. Ең бірінші мақсаты, адамға әлемді таныту, оның қыр-сырын көрсету. Әлемде не нәрсені, қандай затты тануға болады, соның бәрін қарастыру. Біз білетін барлық ғылым салалары, әлемді тануға тырысады(физика, химия т.б), барлығының мақсаты осы. Бір қызығы бұл пәннің бәріде философиядан шыққан. Цицеронның сөзімен айтар болсақ: Философия- барлық ғылымның атасы. Сол таныту жолында, адамзатты ақиқатқа жеткізу, бұл екінші мақсаты. Жалған мен ақиқаттың ара жігін біліп, соның ішінде ақиқат білімді игеру. Алға қойған үшінші мақсаты, әділ де, шындық негізделген қоғам құру. Ақиқатты білім қана қоймай, өзге адамдарға да, жалпы қоғамға соны көрсетіп, қоғам өмірін жақсарту. Әділдік пен шындық бар жерде, жақсылық бар. Идеалды мемлекет, қоғам жайлы еңбек қалдырған философтар. Дәл сондай еңбекті ең алғаш жазушылардың бірі Платонның және өз жерімізден шыққан Әл-Фараби атамыздың еңбегерінен үзінді келтірейін. Платонның Мемлекет еңбегінде, философ ел басқармастан бұрын, философтардың бойынан табылуы қажет қасиеттерді атайды. Ол қасиеттер, біріншіден ақиқат білімге құштарлығы, екіншіден қандайда болсын, жалғандыққа шыдамау, үшіншіден, философ парасатты, пайда күнем болмауы қажет, төртінші, жасқаншақ, тексіз әрі ұмытшақ болмау. Міне, осы секілді қасиеттерді игерген адам, философ бола алады. Өздеріңіз ойланыңыздаршы, осы қасиеттер бойында табылған адам, ел басқаруға қабілетсіз ба? Платон сөзін жалғастыра, былай дейді: “кейбір адамдар, табиғатынан философ басшы болып келеді, ал басқа тап өкілдері олардың артынан ілесуі қажет деп санайды.”[5, 376, 378, 379, 380б]

Әл-Фараби атамыз да, “Қайырымды қала тұрғындары” атты трактатында басшы болатын адамдардың қасиеттерін тілге тие кетеді. “Басшы болатын адамның 12 қасиеті болуы шарт екен: бірінші, барлық мүшесі сау, қаз қалпында жұмыс жасауы керек, екінші, айтылған сөз, жасалған іс-әрекеттерді ұғына алуы керек, үшінші, есте сақтау қабілеті жақсы болуы, төртінші, алғыр болу, бесінші, оратор болу, алтыншы, өнер-білімге құштар, жетінші, қанағатшыл, сегізінші, құр- бос сауық құмарлықтан аулақ, тоғызыншы, шындықты сүйеуші, оныншы, ар-нмысты, он бірінші, қыңыр болмауы қажет, және он екіншісі, ер жүрек болуы шарт дейді. Әл фараби тағы сөзін жалғастырып айтады: бұл қасиеттердің бәрі бір адамның бойынан табылуы өте сирек кездеседі... Бастапқы алты қасиет адам бойынан табылып жатса, ол да ел басқаруға жарарлық дейді.”[6, 97, 98б] Байқасаңыздар, Платон екеуінің айтқан сөздері ұқсас келуде.

Жалпы адамзат мүддесі үшін жұмыс жасайтын бұл философияның, бізге берер пайдасы өте зор, оны бәрін жазып көрсету мүмкін емес. Тек бірнешеуіне тоқталуды жөн көрдім. Бірінші, адами құндылықтарды түсіндіруі, ізгілік, әділеттілік, жақсылық т.б, адамды адам қылатын қасиеттер жайлы. Осы қасиеттерге сипаттама беріп, қай жағдайларда, қандай орындарда қолданылуы қажет екенін көрсетіп, үйренетін осы

философия. Жалпы мораль, тәрбие мәселесі десекте болады. Адам баласына ешқашанда тәрбие менен білім арттық еткен емес, әрі етпейді де. Тал бесіктен, жер бесікке дейін үйреніп өтеміз. Бірақ білімнен бұрын адамға тәрбие беріледі, өйткені тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы. Екіншіден, адамның ақылын сыни ойлауға ынталандырады. Шындық деп ойлаған заттың өзіне де, күмәнмен қарап, әлде де болса сол заттың шындығын қарастыруға бағыттайды; үшіншіден, оның көп салалығы. Философияны оқыған адам кез келген білім саласын меңгере алады. Жоғарыда айтқандай, философия ғылымдардың атасы болса, сол ғылымдардың фундаментін қалыптастырады; төртінші, Платонның, Әл - фарабидің еңбектерінен үзінді келтіргенде философтарға тән қасиеттерді, соның ішінде білімге құштарлық деген қасиет бар тұғын. Яғни, адамды білімге құштар қылады, яғни философияны меңгерген дам, өн бойына бірнеше білім саласын сіндіре алады. Дәлел келтірейін, 17, 18, 19 ғасырдағы ғалымдардың биографиясың оқысаңыз, физик, математик, әрі философ деген сөзді көресіз. Міне, философияның білімге деген құштарлықты оятуы, бесіншіден, қоғамды дамытуда, қоғамға идеологияны таратуда, философтардың үлесі басымырақ. Кезіндегі КСРО соның дәлелі, сол заманда билік басында кімдер отты деп ойлайсыздар, кімдер кемелденген социализмге жетеміз деп алдыға ұран тастаған, әрине философтар. Кейіннен, бұның бәрі утопия екеніне көзіміз жетті, бірақ осы идеология 74 жыл күшін жоймады емес па?... Және де алтыншы, Диоген Лаэртскийдің сөзімен айтсақ: Философияны білу, өмірдегі әр кезге дайын болу. Себебі, бұл сала бір ғана бағытпен шектеліп қалмайды, өмірдегі барлық нәрсені қарастырады, ауқымы өте кең. Алдыңызда қандай жағдай кезікседе, қамданып, бейімделіп кете бересіз.

Сөзімді қорытындыласам, философия жайлы нақты да, түсінікті мағлұмат бере алдым деп ойлаймын. Сөзіміздің басында айтқан, философияға үш қайнаса басы қосылмайтын, философияның мәні мен мағынасына жете білмеген, ақыл таразысына салмаған адамдардан шығады. Әрине, барлық адамдардың философияны толық меңгеруі шарт емес, әрі барлығы меңгеріпте кете алмайды. Бірақ, бұл философияны оқу арқылы сіз жоғарыда аталған адамға пайдалы жағын өзіңізге мүмкін әдет етіп аларсыз немесе кез келген бір ғылым саласына осы философияны оқу арқылы қызығушылығыңыз артатын болар... Менің философия жайлы айтқандарым, оның барлық қырлары емес, тек “айсбергтің ұшы” ғана, ал өздеріңіз махаббатпен философияға тереңдей енсеңіздер, бұданда ғажайып, керемет жағдайларға, сөздерге, іс-әрекеттерге қанық боласыздар! Сөзімнің соңын Абай атамның отыз екінші қара сөзінен үзінді келтіріп аяқтасам: “Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымда адамға мейірленіп, тез қолға түседі.”

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлібекұлы А. Әдеби жәдігерлер 5 том 2007.-536 б.
2. Әлібекұлы А. Әдеби жәдігерлер 6 том 2008.- 488 б.
3. Құнанбайұлы А. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар, қара сөздер 2003.- 248 б.
4. Әлемдік философиялық мұра 3 том 2005.-568 б.
5. Әлемдік философиялық мұра 3 том 2005.-568 б.
6. Нысанбаев Ә, Сейтахметов Н. Он томдық шығармалар жинағы. 2007. - 251 б.